



ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИБЕРҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ: МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ШЕШІМДЕР

Киберқауіпсіздік ақпараттық жүйелердің аппараттық құралдарына, бағдарламалық жасақтамаларына немесе электронды деректеріне зақым келуден, сондай-ақ олардың жұмыс істеуі мен көрсететін қызметтерінің бұзылуынан қорғауды білдіреді. Кибершабуыл – ақпаратты немесе активті ұрлауға, жоюға, өзгертуге немесе оларға рұқсатсыз қол жеткізуге әрекет жасаудың кез келген түрі. Кибершабуыл ақпараттық жүйелерге, сандық инфрақұрылымдарға, нысандарға, желілерге, дербес компьютерлерге және басқа электрондық құрылғыларға қарсы жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл тұрғыда киберқауіпсіздік мәселесі әлемдегі ең маңызды мәселелердің біріне айналды. Орташа алғанда әрбір төрт секунд сайын жаңа зиянды бағдарлама жасалады және кибершабуылдардан келген шығын құны бүкіл әлем бойынша миллиардтаған долларды құрайды деп болжануда. Осылайша, 2017 жылдың мамыр айында WannaCry вирусының жаппай шабуылынан келген шығын 1 миллиард доллардан асып, 150 елге әсер етті.

Қазіргі уақытта киберқауіпсіздік Ақпараттық жүйе ғылымдарында жеке академиялық сала ретінде дамыған және көптеген елдердің ұлттық қауіпсіздік саясатының маңызды бөлігі болып табылады. Жаппы қауіпсіздік саясаты тұрғысынан киберқауіпсіздіктің маңыздылығы адам өмірінің барлық салаларында, соның ішінде басқару, экономика, қорғаныс, қаржы және қоғамның күнделікті іс-әрекеттерінде заманауи ақпараттық жүйелерді кеңінен пайдалану және жаһандық цифрландыру нәтижесінде «киберкеңістік» деп аталатын мүлдем жаңа өлшемнің пайда болуына байланысты. Осылайша, үкіметтердің, мекемелердің және қарапайым адамдардың көптеген іс-әрекеттері кибер-өлшемге ауысты және бұл басқа да маңызды орталар сияқты белгілі бір дәрежеде қауіпсіздікті талап етеді.

Кибершабуылдың көптеген түрлерінің арасында фишингтік алаяқтық ең жиі орын алатын шабуыл болып қалуда. Фишингтік алаяқтық негізінен интернет пайдаланушылардың жеке қаржы ақпараттары, мысалы, пайдаланушы аты, құпия сөздер, сондай-ақ банктік шоттар, несиелік карталар және т.б. мәліметтерді алу әрекеті. Бұл кибершабуыл әдісі интернет пайдаланушыларды интернет хакерлер тарапынан мақсатты түрде жасалған жалған веб-сайттарға жеке мәліметтерін енгізу үшін сілтемелер мен жылдам хабар алмасу арқылы бағыттайды және айтарлықтай ескі болып табылады. Көптеген жағдайларда интернет пайдаланушылар жалған веб-сайттар көбінесе банктер мен басқа қаржы институттары қолданып отырған нақты веб-сайттарға ұқсас болғандықтан қауіп-қатер туралы білмеуі мүмкін.

Кибершабуылдар саны қарқынды өсіп келе жатқан Қазақстан киберқауіпсіздік тұрғысынан әлемдегі ең әлсіз елдердің бірі болып табылады. 2018 жылы Қазақстан Жаһандық киберқауіпсіздік индексіне 0,778 баллмен 40-шы орынды иеленді және 2017 жылғы 83-ші орынмен салыстырғанда өз позициясын сәл жақсартты деуге болады. Алайда, 2017 жылы тіркелген шабуылдардың саны 34,014 болса, 2018 жылы бұл көрсеткіш 57,534-ке дейін өсті.

2014-2018 жылдары Қазақстанда жоғары жылдамдықты кең жолақты интернетті пайдаланушы абоненттер саны жылына шамамен 6,5-7,0%-ға артып, 2018 жылға қарай 2,5 млн. адамға жетті. Сонымен бірге, жалпы 132,2 мың ұйымның ішінде интернет желісіне қатынасы бар ұйымдардың саны 100,7 мыңды құрады. Осылайша, 2018 жылы қазақстандық мекемелердің 76,2%-ы интернетке қосылып, кибершабуылдар қаупіне ұшырады. 2017 жылы бұл көрсеткіш 69,3%-ды құраған болатын. Қазіргі уақытта барлық мемлекеттік басқару органдарының 90%-нан астамы немесе 7,6 мың мекеме интернетке қол жеткізе алады. Қолда бар мәліметтерге сәйкес, Қазақстанда, сондай-ақ көптеген басқа елдерде кибершабуылдар мемлекеттік мекемелерге қарағанда жеке меншік кәсіпорындар мен жеке пайдаланушыларға қарсы жиірек жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, кіші кәсіпорындар киберқауіпсіздікке көбірек қаражат жұмсайтын ірі кәсіпорындардан гөрі кибершабуылдарға әлдеқайда бейім екендігі белгілі.

2018 жылы жаһандық киберқауіпсіздік рейтингінде Қазақстанның позициясының жақсаруы көбінесе үкіметтің бастамасымен жүзеге асырылатын «Киберқалқан» жобасына байланысты. Киберқауіпсіздік мәселесі алғаш рет мемлекеттік деңгейде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында талқыланды. Атап айтқанда, мемлекет басшысы үкіметке ақпараттық жүйелерді, сандық медиаларды және электронды байланыс инфрақұрылымын сыртқы және ішкі қауіп-қатер көздерінен қорғайтын «Қазақстанның киберқалқан» атты жүйені құруды тапсырды. Осы бұйрыққа сәйкес, Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі 2017 жылғы 30 маусымдағы № 407 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Киберқауіпсіздік тұжырымдамасы» жобасын әзірледі.

Жақын болашақта киберқауіпсіздік мәселесі одан әрі күрделене түсіп, әлеуетті, әрі нақты қауіп-қатерлер саны мен түрлерінің артуы күтіледі. Қазақстанның және

басқа да елдердің киберкеңістігінің кибершабуылдарға ұшырау қаупін арттыратын факторлардың бірі – 5G технологиясының таралуы. Интернет-трафик жылдамдығы артқан сайын кибершабуылдар саны да артатыны белгілі. Себебі бұл жағдай әлеуетті зиянкестер үшін интернет пайдаланушылардың шоттарына, электрондық құрылғыларына және сандық желілерге қолжетімділікті жеңілдетеді. Тағы бір фактор – көптеген қызметтер мен іс-әрекеттердің цифрлануы және барған сайын интернет пайдаланушылар санының артуына байланысты қазақстандық киберкеңістіктің кеңеюі. Осылайша, киберқауіпсіздіктің қауіп-қатерлері интернеттің кең етек алуы мен адам өмірінің барлық салаларының цифрлануын қоса алғанда технологиялық жетістіктермен одан да қауіпті бола бастады деп қорытынды жасауға болады.

«Киберқалқан» жобасын жүзеге асырудың бірінші кезеңінде Қазақстанда киберқауіпсіздікті күшейту бойынша бірқатар қадамдар жасалды. Киберқауіпсіздік саласындағы мамандардың жетіспеушілігі сияқты негізгі мәселелердің бірін шешу үшін үкімет 2018-2019, 2019-2020 және 2020-2021 жылдарға арналған киберқауіпсіздік саласындағы академиялық бағдарламалар бойынша 500 стипендия, соның ішінде магистратура бағдарламалары үшін 165 және PhD бағдарламалары үшін 10 стипендия бөлді. Бірнеше мемлекеттік университеттер киберқауіпсіздік, үлкен деректерді талдау, желілік қауіпсіздік және басқа да маңызды тақырыптар бойынша курстар мен оқу бағдарламаларын іске қосты. Бүгінгі таңда Қазақстанда 700-ден астам мемлекеттік қызметші Мемлекеттік басқару академиясында осындай курстардан өтті. Сонымен қатар, электронды құралдарды киберқауіпсіздіктің белгілі бір стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік сертификаттау ережелері әзірленді.

Қазақстанның «Киберқауіпсіздік тұжырымдамасы» өте күрделі заңнама және оның жүзеге асырылуы кешенді тәсілді қажет етеді. Жоспарланған қадамдардың көбі орташа және ұзақ мерзімді перспективада нәтиже береді деп көзделеді және жүзеге асырылған жағдайда болашақта киберқауіпсіздікті күшейтуге ықпал етеді. Үкімет қазіргі уақытта Қазақстанның киберкеңістігінде киберқауіпсіздікті күшейтуге бағытталған 2022 жылға дейін созылатын «Киберқалқан» жобасының екінші кезеңін жүзеге асыруда. Бұның нәтижесінде Қазақстан ағымдағы және жаңа кибершабуылдарға төтеп беруге толығымен дайын болады деп күтуге болады.

Жазушы: Марат Мұсабеков,

Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан

Саясат, сырткы катынастар және қауіпсіздік

- Пекинде өткен екінші «Белдеу және жол» форумына Түрікменстаннан басқа барлық Орталық Азия елдерін қоса алғанда әлемнің 37 елінің басшысы, 150-ден астам елден 5 мыңнан астам делегат және бірқатар халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты. Үш күндік іс-шара барысында қатысушылар Қытай бастамасы бойынша жүзеге асырылатын сауда және транзит инфрақұрылымы жобаларына қатысты мәселелерді талқылады.
- Қазақстанға ресми сапары барысында Венгрия Премьер-министрі Виктор Орбан Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен және Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен кездесіп, екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтудың келешегін, сондай-ақ бірқатар халықаралық және аймақтық мәселелерді талқылады. Тараптар саяси және экономикалық мүдделермен қатар, екі елдің ортақ тарихи тамыры бар екенін атап өтті.
- Нұр-Сұлтанда Астана уәдесі шеңберінде өткізілген Сирия бейбіт келіссөздерінің 12-раундында кепілдік беруші мемлекеттер – Иран, Ресей және Түркияның өкілдері Сирия бойынша конституциялық комитетті құру жөніндегі әрекеттерді талқылады және Идлиб дэскалация аймағының жағдайын қарастырды. Тараптар, сондай-ақ, Ирак және Ливанды Астана форматында байқаушылар ретінде қатысуға шақырды.
- Еуропа Одағының (ЕО) жеті елі (Бельгия, Франция, Германия, Ұлыбритания, Италия, Нидерланды және Швеция) сепаратистердің бақылауындағы шығыс Украина тұрғындарына ресейлік төлқұжат алу жолын жеңілдететін Ресейдің шешімі туралы бірлескен мәлімдеме жасады. Мәлімдемеге сәйкес, бұл қадам Украинаның егемендігіне тағы бір шабуыл болып табылады және Минск келісімдерін бұзып, қақтығыстың ушығуына әкелуі мүмкін.
- 2007 жылы қазан айында қабылданған ТМД-ны одан әрі дамыту тұжырымдамасын жанартуға жауапты сарапшылар тобы интеграциялық ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру мақсатында Минскіде бейнеконференция арқылы жиналды. Құжатта түбегейлі өзгерістер болмайды деп күтілуде. Аталмыш құжат қазіргі заманғы шарттарға және ынтымақтастық қажеттіліктеріне сәйкес бейімделетін болады.
- Кыргызстанның Дін істері жөніндегі мемлекеттік комиссиясы Бішкекте зорлық-зомбылық сипатындағы экстремизмді азайту бойынша аймақтық кеңес өткізді. Орталық Азиядағы бес елдің мемлекеттік органдары, қауіпсіздік қызметтері, бұқаралық ақпарат құралдары және үкіметтік емес ұйымдарының өкілдері радикализм мен экстремизмнің алдын алу және оған қарсы әрекет етуді нығайту жолдарын, соның ішінде аймақтық консультативтік жұмыс тобын құру жолдарын талқылады.
- Кыргызстанның Чолпон-Ата қаласында Шанхай ынтымақтастық ұйымына (ШЫҰ) мүше мемлекеттердің есерткіге қарсы ведомстволары басшыларының 9-шы кездесуі өтті. Қатысушылар өз елдеріндегі, аймақтағы және бүкіл әлемдегі есерткіге қатысты ахуалды, сондай-ақ 2018-2023 жылдарға арналған ШЫҰ-ның Есерткіге қарсы стратегиясы негізінде есерткінің заңсыз айналымына қарсы күрестігі болашақ іс-шараларды талқылады.

Экономика, қаржы және энергия

- Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕЭО) мүше мемлекеттер бәсекелестік қызмет пен табиғи монополиялар қызметін бөлу туралы соңғы келіспеушіліктерді реттеп, бірыңғай электр энергетикалық нарығын құру туралы келісім жобасы бойынша келіссөздер жүргізді. Бірыңғай нарық тұтынушылар үшін электр энергиясының ашық нарықтық бағасын белгілеуге және мүше-мемлекеттердің экономикалық өсуіне ықпал ететін болады деп күтілуде.
- Кыргызстан Ұлттық статистика комитетінің мәліметі бойынша, Кыргызстан ЕЭО-ға мүше мемлекеттер арасында ең арзан азық-түлік өнімдеріне ие. 1 кг сиыр еті, қой еті, сары май, қартоп пен ұн, сондай-ақ он жұмыртқа мен бір наннан құралған азық-түлік себетінің құны Мәскеуде 30,41 доллар, Нұр-Сұлтанда 18,69 доллар және Минскіде 15,7 доллар (қой етін қоспағанда). Ал Бішкекте өнімдердің бұл тізімі орташа есеппен 16,4 долларды құрайды.
- Ресейден Дружба құбыры арқылы төмен сапалы мұнай жеткізілімі Беларусь мұнай өңдеу зауыттарында мұнай өңдеу көлемінің төмендеуіне әкеліп соқты. Ішкі нарықтың қажеттілігін қамтамасыз ету үшін Беларусь Украина, Польша және Балтық елдеріне жеңіл мұнай өнімдерін экспорттауды тоқтатуға мәжбүр болды. Минск төмен сапалы ресейлік мұнай мәселесі шешілгеннен кейін шарттық міндеттемелерді орындауға уәде берді.
- Дүниежүзілік банк (150 млн. доллар) және ЕО (15 млн. еуро) Өзбекстанның мал шаруашылығы секторына бағдарланған жобаны бірлесіп қаржыландыратын болады. Бұл жоба төмен өнімділік, қосылған құн жеткіліксіздігі, шағын фермерлердің нарыққа және қаржыға шектеулі қолжетімділігі, әртүрлі мүдделі тараптар арасындағы нашар үйлестіру және жануарлардың денсаулық қызметтері сапасының төмендігі сияқты мәселелерді қарастырады.
- Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы тауар айналымы 2018 жылы 2,5 млрд. долларды құрады, бұл 2017 жылға қарағанда 25,3%-ға көп. Ауыл шаруашылығы және азық-түлік тауарлары екі елдің экспорттың тауарлық құрылымында басым болды. Бұл өнімдер Қазақстанның Өзбекстанға экспортының 38,7%-ын (1,6 млрд. доллар) және Өзбекстанның Қазақстанға экспортының 49%-ын (0,8 млрд. доллар) құрады.
- Нұр-Сұлтан қаласында Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Грузия үкіметаралық комиссиясының 10-шы отырысы өтті. Екі елдің министрліктері мен компанияларының өкілдері сауда, транзит, инвестиция, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, байланыс, ақпараттық технологиялар және инновациялар, ғылым, туризм және денсаулық сақтау сияқты салаларда екіжақты ынтымақтастықтың бірқатар мәселелерін талқылады.
- Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ) Жасыл климат қорымен әріптестікте шығыс Қазақстандағы Жаңғызтөбе ауылы маңында қуаты 30 МВт болатын фотоэлектрлік күн электр станциясының құрылысын қаржыландыру үшін 16,7 млн. көлемінде несие бөледі. ЕҚДБ Украинаның Екінші «Белдеу және жол» форумы барысында қытайлық Universal Energy компаниясымен тиісті келісімге қол қойды.

Қоғам және мәдениет

- Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазақтың ұлы ақыны, әрі ойшылы Абай Құнанбаевтың туған жері Жидебай ауылында орналасқан мұражай-үйіне және кесенесіне барып қайтты. Президент бұл қасиетті орынға жоғары мәртебе беруді және оны қажылық орынға айналдыруды ұсынды.
- Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде Түркі кеңесі Түркі университеттері одағының IV Бас ассамблеясы өтті. Қатысушылар Түркі кеңесі Хатшылығының Одаққа мүше университеттермен бірлесіп әзірлеген «Орхун» алмасу бағдарламасы сияқты жобалардың жүзеге асырылуын, сондай-ақ, Ахмет Ясауи университетінің Одаққа төрағалық етуі кезінде жоспарланған іс-шараларды қарастырды.
- Түркістан қаласында Түркі Кеңесі жас қойбасшыларының II форумы және Түркі әлемі жастарының мәдениет және өнер фестивалі өтті. Әзірбайжан, Қазақстан, Кыргызстан, Түркия және Өзбекстанның жас делегаттары жастар саясатының тәжірибесімен бөлісу және бауырлас түркітілдес мемлекеттердің мәдениеті мен өнерін насихаттау бойынша іс-шараларға қатысты.
- Алматы қаласында Орталық Азиядағы трансшекаралық туристік маршруттарды дамыту бойынша суб-аймақтық үйлестіру кеңесі ЕО тарапынан қаржыландырылатын «Ауғанстан, Орталық Азия және Ирандағы Жібек жолдары мұрасының дәліздері» атты ЮНЕСКО жобасы аясындағы ұйымдастырылды. Жоба аймақтағы қоғамдастықтардың әлеуетін арттыру және табыстар мен жұмыс орындары үшін мүмкіндіктер жасау арқылы өмір сүру деңгейін жақсартуға бағытталған.
- Оштағы қырғыз-өзбек университетінде ТҮРКСОЙ-ға мүше елдердің ЮНЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссияларының VII отырысы өтті. Кездесудің негізгі күн тәртібі – түркі әлемінің колонеріне қатысты бірлескен файл дайындау және ЮНЕСКО-ға ұсыну. Сонымен қатар, қатысушылар өз елдерінің мәдени мұрасы туралы ақпаратпен бөлісті.
- Кыргызстанның Денсаулық сақтау министрлігі Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен БҰҰ Балалар қорының қолдауымен қауіпті инфекциялық ауруларға қарсы вакциналар пайдалануды насихаттау мақсатында Кыргызстанда 2019 жылғы Еуропалық иммундау аптасын өткізді. Елде вакцинациядан бас тарту оқиғалары көбейіп келеді және мұндай жағдайлардың 68%-ына діни көзқарас себеп ретінде келтірілген.
- Түркияның Yerli Duşunce Dernegi қоры «Манас» Қырғыз-түрік университетінің және Түркия Мәдениет және туризм министрлігінің қолдауымен Бішкек қаласында Түрік киносы апталығын ұйымдастырды. Бес күндік іс-шара барысында қырғыз киносының әуесқойлары халықаралық деңгейде арапатқа ие болған төрт түрік фильмі мен бір мультипликациялық мультфильмін көру мүмкіндігіне ие болды.